Ғылыми кеңесші э.ғ.к., доцент-зерттеуші Бимендиева Лайла Абдрашовнаның докторант Мурабилдаева Риза Алимахуновнаның «8D04102 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: ағымдағы жағдайын талдау және қамтамасыз ету жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІРІ

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі жаһандық деңгейдегі өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемалардың бірі болып табылады. Қазіргі кезеңде әлемдік азық-түлік нарығындағы тұрақсыздық табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалану, климаттық өзгерістер, халық санының өсуі, ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныстың артуы, сондай-ақ азық-түлік бағаларының тұрақты қымбаттауы сияқты факторлардың ықпалымен күрделене түсуде. Бұл жағдай, әсіресе, дамушы мемлекеттерде және халықтың әлеуметтік осал топтары арасында азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлердің күшеюіне алып келуде.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне халықаралық деңгейде ерекше мән беріліп, Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 2-мақсаты ретінде аштықты жою, сапалы азық-түлікке қолжетімділікті қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығын орнықты дамыту басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттыру, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейту және ішкі нарықты негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету міндеттеріне ерекше назар аударды.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Елдің табиғи-климаттық ерекшеліктері дәнді және бұршақты дақылдарды, картопты, көкөністерді және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге қолайлы жағдай қалыптастырады. Алайда, көкөніс дақылдарына арналған егіс алқаптарының ұлғаюына қарамастан, импорт көлемінің төмендемеуі ішкі нарықтағы азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінде шешімін таппаған мәселелердің бар екендігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде зерттеу тақырыбының ғылыми әрі практикалық маңыздылығын айқындайды.

Осыған байланысты диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің теориялық, әдіснамалық және практикалық аспектілерін кешенді түрде қарастыру қажеттілігімен негізделеді. Зерттеу Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі жағдайын бағалауға, оны қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіруге және агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуына бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның мазмұнын жан-жақты ашады. Диссертацияның құрылымы логикалық тұрғыдан жүйеленген, бөлімдері өзара сабақтасып, зерттеу объектісі мен пәніне сәйкес құрылған. Әрбір тарау қойылған міндеттерді дәйекті түрде ашып, зерттеу мақсатына қол жеткізуге бағытталған.

Диссертацияның бірінші тарауында азық-түлік қауіпсіздігінің теориялық және әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылып, қолданыстағы ғылыми тұжырымдамаларға талдау жүргізілген. Автор азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі ерекшеліктерін анықтап, шетелдік тәжірибеге салыстырмалы талдау жасаған. Зерттеу нәтижесінде тиімді қызмет ету параметрлері айқындалған перспективалық үлгілер негізделіп, оларды Қазақстан жағдайына бейімдеу бойынша нақты ұсыныстар әзірленген.

Екінші тарауда Мурабилдаева Р.А. ФАО әдістемесіндегі тұрақтылық пен бейімділік индикаторларын кеңейту негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі деңгейі айқындалып, кешенді бағалау жүргізген. Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуеті зерттеліп, азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін өндірістік, құрылымдық және климаттық факторлардың өзара байланысы бірнеше ARDL моделдері арқылы эконометриялық тұрғыдан негізделген.

Үшінші тарауда Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені мен азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін ескере отырып, саланың болашақ даму бағыттары ұсынылған. Автор мемлекеттік қолдау шараларын нәтижеге бағдарланған басқару қағидаттары негізінде жетілдіру қажеттігін негіздеп, мемлекеттік бағдарламалардың азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудағы рөлін айқындаған. Сонымен қатар, аграрлық саясатқа талдау жүргізіліп, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділік коэффициенті есептелген.

Диссертациялық жұмыс Мурабилдаева Риза Алимахуновнаның ғылыми зерттеу жүргізудегі дербестігін, теориялық дайындығының жоғары деңгейін және заманауи экономикалық зерттеу әдістерін меңгергендігін көрсетеді. Жұмыс логикалық құрылымымен, ғылыми дәйектілігімен, пайдаланылған дереккөздердің сапалылығымен және ғылыми зерттеулерге қойылатын қазіргі талаптарға сәйкестігімен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда, Мурабилдаева Риза Алимахуновнаның «8D04102 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: ағымдағы жағдайын талдау және қамтамасыз ету жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары, ғылыми жаңалығы негізделген зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға толық сәйкес келетіндіктен кеңесте жария қорғауға ұсынамын және автор философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекшісі:
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
«Экономика» кафедрасының
э.ғ.к., доцент-зерттеуші — Бимендиева Лайла Абдрашовна

РАСТАЙМЫН
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«15» 01 2026 ж.